

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері” тақырыбында семинар

30 қараша 2022 жылы оқу ордамызда “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері” тақырыбында семинар өткізілді. Аталмыш жиында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Превенция басқармасы басшысының орынбасары, майор Әсілбек Сәбит Әсетұлы университет студенттеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы баяндады.

Семинар барысында Әсілбек Сәбит Әсетұлы “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” заңның маңызын түсіндіріп, бұл әрекеттің жүзеге асуына білімгерлер мен оқытушылардан бастап, қоғамның барлық мүшелері жауапты екенін тілге тиек етті. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде елімізде, Түркістан облысында атқарылған іс-шаралар жөніндегі ақпаратпен бөлісіп, студенттерге жемқорлықтың қайғылы салдарын баяндайтын арнайы дайындалған әлеуметтік роликтер көрсетілді.

Сондай-ақ, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Дәрібаев Жанәлі Еркінбекұлы жемқорлықтың алдын алу мақсатындағы іс-шаралар туралы әңгімелеп, презентациялық материалдар ұсынды. Білім алушылар мен оқытушылар және университет қызметкерлері үшін оқу ғимараттарында сенім телефоны мен жәшіктері ұйымдастырылып, бірнеше нормативті құжаттардың әзірленгенін, әрқайсысының осы мәселелер жайында көкейкесті сұрақтары мен пікірлерін арнайы электронды поштаға қалдыру мүмкіндігі бар екендігін, ал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері үшін білімгер де, қызметкер де толықтай жауапкершілікте болатынын және олар арнайы декларация толтыратынын айрықша атап өтті.

Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы міндетін атқарушы Баймағанбетов Сәбит еліміздегі сыбайластық әрекеттерін болдырмауда шетелдік тәжірибеге негізделген іс-шараларды жүзеге асырудың маңызына тоқталып өтті. Семинар барысында білімгерлер өздерін қызықтырған көптеген сұрақтарға жауап алып, ой-пікірлерімен бөлісті.

